

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ оқу мерзімдерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі № 357 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 19 тамызда № 15517 болып тіркелді.

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 4-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 18.08.2022 № 674 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қағидалары, сондай-ақ оқу мерзімдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық

инфрақұрылымы операторына, Қорғаныс министрлігінің жергілікті әскери басқару органдарына және облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына жолдауды қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.01.2023 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі  
генерал-полковник*

*С. Жасұзақов*

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
2017 жылғы 17 шілдедегі  
№ 357 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қағидалары, сондай-ақ оқу мерзімдері**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, сондай-ақ оқу мерзімдері қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында (бұдан әрі – мамандандырылған ұйымдар) әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәртібін, сондай-ақ оқу мерзімдерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) өзіндік даярлық – мамандығы бойынша теориялық білім деңгейін, оқытатын құрамның педагогикалық шеберлігін арттырудың негізгі әдісі.

2) оқу-жаттығу материалдық база – мамандықтар бойынша әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін материалдық және техникалық құралдардың, ғимараттар мен құрылыстардың кешені.

3. Әскери-техникалық және өзге де әскери мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді оқыту Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қажеттілігіне сәйкес мамандандырылған ұйымдарда өтеусіз негізде және оқуға арналған шығыстарды толық немесе ішінара өтеумен өтеулі негізде жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы негізінде әскери бөлімдердің әскери-техникалық және өзге де мамандарға қажеттілігіне сәйкес осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті оқу жылына арналған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлау жоспарын (бұдан әрі – өтеусіз негізде даярлау жоспары) және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскери оқытылған резерв бағдарламасы бойынша өтеулі негізде әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді даярлау жоспарын (бұдан әрі – өтеулі негізде даярлау жоспары) әзірлейді.

5. Жоспарланған кезеңге (үш жылға) арналған өтеусіз негізде даярлау жоспары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ) мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен келісіледі, ағымдағы жылғы 20 ақпанға дейінгі мерзімде Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы бекітеді және жоспарлы кезеңге арналған шығыстарды жоспарлау және жұмысты ұйымдастыру үшін мамандандырылған ұйымдарға, жергілікті әскери басқару органдарына (бұдан әрі – ЖӘБО) және бюджеттік бағдарламалар іс-шараларының тиісті жауапты орындаушыларына жеткізіледі.

## **2-тарау. Әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау тәртібі**

6. Мамандандырылған ұйымдарды жасақтау аумақтық және эксаумақтық қағидастар бойынша жүргізіледі.

7. Мамандандырылған ұйымдарда оқыту үшін соттылығы бар әскерге шақырылушылар, әскери міндеттілер жіберілмейді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 10.12.2019 № 1012 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Өтеусіз негізде әскерге шақырылушыларды жинау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 620 қаулысымен бекітілген Қазақстан

Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу қағидасына сәйкес жүргізіледі.

9. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша өтеусіз негізде даярлауға денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды, он жеті жас алты айдан жиырма алты жасқа дейінгі дайындық аяқталғаннан кейін мерзімді әскери қызметке шақыруға жататын немесе жұмылдыру резервіне алынатын азаматтар тартылады.

Жинау жеке тәртіпте негізгі орта және жоғары білімі бар әскерге шақырылушылар қатарынан жүргізіледі. Әскерге шақырылушыларды мамандандырылған ұйымдарға іріктеу кезінде, олардың әскерге шақыруға дейінгі алған мамандықтары есепке алынады.

10. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша өтеулі негізде дайындауға:

денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды әскери міндеттілер;

жиырма төрттен жиырма жеті жасқа дейінгі денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды немесе шектеулі жарамды, соның ішінде әскери қызметке шақыру мерзімі кейінге қалдырылған әскерге шақырылушылар тартылады.

11. Әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді өтеулі негізде даярлау ақылы негізде жүзеге асырылады. "Азаматтарды әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша даярлау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және оны Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ЖӘБО арқылы көрсетеді.

Қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің нысанында мазмұндалған.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.01.2023 № 2 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Өтеулі негізде оқыту үшін әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау ерікті негізде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет мынадай екі кезеңде көрсетіледі:

бірінші кезеңде, мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қарау. Қарау мерзімі – 2 жұмыс күні;

екінші кезеңде, мамандандырылған ұйымдарда сабақтар басталған сәттен бастап оқыту мерзімі 42 (қырық екі) жұмыс күнін құрайды.

ЖӘБО мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингісінің ақпараттық жүйесіне енгізуді "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі осы Қағидаларға 2-1-қосымшаның 8-тармағында айқындалған.

Бірінші кезеңде мемлекеттік қызмет көрсетуге осы Қағидаларға 2-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдау [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) әскерге шақырылушының, әскери міндеттінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық нысанда жүзеге асырылады.

Құжаттарды портал арқылы беру кезінде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішке құжаттардың электрондық көшірмелері тіркеледі.

Порталға өтініш жасаған кезде әскерге шақырылушының, әскери міндеттінің "жеке кабинетіне" ЖӘБО уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама жолданады.

ЖӘБО басшысы құжаттар топтамасын ЖӘБО жасақтау бөлімшесіне орындауға тапсырады.

ЖӘБО жасақтау бөлімшесі екі жұмыс күні ішінде ұсынылған материалдардың толықтығын қарайды, қарау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 2-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтарды әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша даярлауға қабылдау туралы хабарлама (бұдан әрі – оқуға қабылдау туралы хабарлама) дайындайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты порталда ЖӘБО басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Әскери-техникалық және басқа да мамандықтар бойынша оқуға қабылдау туралы оң шешім болған кезде әскерге шақырылушы, әскери міндетті оқуға қабылданғаны туралы хабарламада көрсетілген мекенжай бойынша белгіленген мерзімде келеді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.08.2021 № 501 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді медициналық куәландыруды медициналық комиссия Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 716 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережеге(бұдан әрі – Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары) ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21869 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 22

желтоқсандағы № 722 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында қызмет өткеру үшін адамдар денсаулық жағдайына қойылатын талаптарға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21863 болып тіркелген) сәйкес жүргізеді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.08.2021 № 501 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тарау. Әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жіберу және оқыту тәртібі**

14. Мамандандырылған ұйымдар ЖӘБО бірлесіп, кезекті оқу жылына арналған өтеусіз негізде даярлау жоспарынан және өтеулі негізде даярлау жоспарынан үзінді көшірмелерді алғаннан кейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу взводтарын жасақтаудың және әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлаудың жоспар-кестесін әзірлейді.

15. Әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқыту үшін мамандандырылған ұйымдарға жіберу осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау үшін комиссия іріктеген әскерге шақырылушылардың, әскери міндеттілердің екі данада жасалған атаулы тізімдері бойынша (бұдан әрі – атаулы тізімдер) жүргізіледі.

Атаулы тізімдердің бірінші данасы осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық куәландыру картасымен бірге мамандандырылған ұйымдарға беріледі, атаулы тізімдердің екінші данасы тиісті ЖӘБО-да сақталады.

Он жеті жас алты айдан он сегіз жасқа дейінгі әскерге шақырылушылардың атаулы тізімдеріне әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша өтеусіз негізде оқытуға шарт жасасуға олардың заңды өкілдерінің келісімі қоса тігіледі.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.08.2021 № 501 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Әскери-техникалық және басқа да мамандықтар бойынша даярлау үшін комиссиямен іріктеліп алынған әскерге шақырылушылар, әскери міндеттілер жасақтаушы ЖӘБО бірге жүретін өкілдері іріктелген және оқыту үшін жіберілген әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді атаулы тізімдер бойынша мамандандырылған ұйымдарға оқытудың басында тапсырады.

17. Әскерге шақырылушылар, әскери міндеттілер мамандандырылған ұйымдарға қабылдау мамандандырылған ұйым басшысының немесе міндетін атқарушының бұйрығымен жүргізіледі, онда оқу-жаттығу взводының нөмірі, тізімдік құрам, оқыту

мерзімдері, мамандығы, аға оқытушы (өндірістік оқыту шебері) көрсетіледі. Мамандандырылған ұйым басшысының немесе міндетін атқарушының бұйрығы шығарылғаннан кейін оқу-жаттығу взводтарын қосымша жасақтауға жол берілмейді.

18. ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес ЖӘБО, әскерге шақырылушылар және/немесе әскери міндеттілер арасында шарт жасасады.

19. Әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді мамандандырылған ұйымдарда оқыту Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары жалпыәскери жарғыларының талаптарын ескере отырып, ұйымдастырылады.

20. Әскерге шақырылушылар, әскери міндеттілер қатарынан 10 адамнан аспайтын оқу бөлімшелерін қамтитын саны 30 адамнан аспайтын оқу взводтары (топтары) жасақталады.

21. Мамандандырылған ұйымдарда оқыту кезеңінде әскерге шақырылушылар, әскери міндеттілер әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау құнына кіретін далалық киім-кешекпен (маусым бойынша), үш рет тамақтандырумен және монша-кір жуу қызметтерімен бар казармада тәулік бойы тұрумен қамтамасыз етіледі.

Әскерге шақырылушыларды жиын пунктінен мамандандырылған ұйымдар орналасқан жерге дейін тасымалдау бойынша шығыстар да өтеусіз негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау құнына қосылады.

22. Оқыту барлық оқу жылы бойында әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлау жоспарының толық және уақтылы орындалуын, оқытушылар (өндірістік оқыту шеберлерінің) бірдей жүктемелерін, оқу материалдық-техникалық базаның анағұрлым ұтымды және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуді ескере отырып, жүзеге асырылады.

23. Оқытудың негізгі нысандары:

- 1) теориялық сабақтар;
- 2) зертханалық-практикалық сабақтар;
- 3) практикалық сабақтар (жаттығулар);
- 4) далалық шығулар болып табылады.

24. Теориялық сабақтар әскерге шақырылушылардың, әскери міндеттілердің оқыту пәндері бойынша теориялық білім алуы мақсатында жүргізіледі.

25. Зертханалық-практикалық, практикалық сабақтар, далалық шығулар мен жаттықтырулар саны мен құрамы сабақ басталғанға дейін белгіленетін және оқытудың барлық кезеңі ішінде тұрақты болып қалатын саны 10 адамнан аспайтын әскерге шақырылушылардың, әскери міндеттілердің оқу-жаттығу бөлімшелері құрамында оқытушылардың (өндірістік оқыту шеберлерінің) жетекшілік етуімен әскерге

шақырылушылардың, әскери міндеттілердің теориялық білімдерін бекіту және олардың зерделенетін қару-жарақ пен техникада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Әрбір білім алушы бөлімшесінде оқып-үйренетін әскерге шақырылушылар, әскери міндеттілер қатарынан үлкені тағайындалады.

Оқытушы (өндірістік оқытудың шебері) әрбір сабақтың (жаттықтырудың) өткізілгені туралы оқу-жаттығу взводының сабақтарды және тәрбие жұмысын есепке алу журналында осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті жазба жасайды.

26. Әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді үлгермеушілігі, тәртіпсіздігі, сондай-ақ өз қалауы бойынша мамандандырылған ұйымдардан шығару кейіннен жоғары тұрған басқару органын, оқудан шығарылған әскерге шақырылушыны, әскери міндеттіні оқуға жіберген ЖӘБО хабардар ете, ЖӘБО келісе отырып, басшының немесе міндетін атқарушының бұйрығымен жүргізіледі.

27. Әскерге шақырылушылар, әскери міндеттілер үлгермеушілігі, тәртіпсіздігі, сондай-ақ өз қалауы бойынша мамандандырылған ұйымдардан шығарылған жағдайларда оқытуға жұмсалған шығындар, әскерге шақырылушылармен, әскери міндеттілермен жасасылған шартқа сәйкес, ал бас тартқан кезде сот тәртібінде өтеледі. Оқытуға жұмсалған шығындарды өндіру ЖӘБО жүктеледі.

28. Оқыту процесінде ЖӘБО әскерге шақырылушылардың, әскери міндеттілердің сабақтарға қатысуына, әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді орналастыруға, тамақтандыруға және демалысына бақылауды жүзеге асырады, бітіру емтихандарын ұйымдастыруға және өткізуге қатысады.

29. Бітіру емтиханы оқу бағдарламаларына сәйкес бірнеше пән сұрақтарын қамтитын теориялық және практикалық нысандарда өткізіледі.

30. Оқытушылар бітіру емтиханына шығарылмайтын пәндер бойынша қорытынды бағаларды үлгерімді ағымдағы бақылау бағалары негізінде қояды.

Өтеулі негізде оқыған, бітіру емтихандарын табысты тапсырған әскерге шақырылушыларға, әскери міндеттілерге мамандандырылған ұйым "Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 350 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15861 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасы бойынша оқуды аяқтағаны туралы сертификат береді.

Әскерге шақырылушы, әскери міндетті оқуды аяқтағаннан және ол әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасы бойынша оқуды аяқтағаны туралы сертификат алғаннан кейін оқуға қабылданғаны туралы хабарлама халыққа қызмет көрсету орталықтарының интеграцияланған ақпараттық жүйесінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті жабу үшін ЖӘБО-ға қайтарылуға тиіс.



**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.08.2021 № 501 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

31. ЖЭБО жыл сайын 30 маусымда және 31 желтоқсанда (көктемгі және күзгі әскерге шақыру кезеңі аяқталғаннан кейін) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментіне Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында даярланған әскери-техникалық және өзге де мамандар, бар кемшіліктер және оларды жою жөнінде қабылданатын шаралар туралы ақпаратты ұсынады.

32. Оқыту барысында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас әскери-медициналық басқармасы әскери-емдеу мекемелері арқылы мамандандырылған ұйымдарда өтеусіз негізде білім алатын әскерге шақырылушыларды қажетті дәрілік заттармен және емдеумен қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

#### **4-тарау. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру тәртібі**

##### **§ 1 параграф. Тәрбие жұмысы және жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу**

33. Тәрбие жұмысының және білім алушы жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі мақсатты бағытталған жұмысты мамандандырылған ұйымының басшысы немесе міндетін атқарушы оның жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу жөніндегі орынбасары (инспектор) қамтамасыз етеді.

Жұмысты ұйымдастыру үшін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тәрбие, әлеуметтік-құқықтық және идеологиялық жұмыс жоспары жасалады.

34. Мамандандырылған ұйымдарда әскерге шақырылушылармен, әскери міндеттілермен тәрбие және әскери-патриоттық тәрбиелеу жұмысының міндеттері сабақтар процесінде және күн тәртібінде көзделген сағаттарда, сондай-ақ сабақтан тыс уақытта жүзеге асырылады.

##### **§ 2 параграф. Әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлауды ұйымдастыруды жоспарлау**

35. Мамандандырылған ұйымдардағы әскери-техникалық және өзге де мамандықтарды даярлауды ұйымдастыруды жоспарлау олар мамандандырылған ұйымдарда оқу жылына арналған өтеусіз негізде даярлау жоспарынан және өтеулі негізде даярлау жоспарынан үзінді көшірмені алған сәттен басталады және жаңа оқу жылы басталғанға дейін аяқталады.

36. Мамандандырылған ұйымдардың басшылары немесе міндетін атқарушылар жаңа оқу жылы басталар алдында оқу жылына арналған әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлауды ұйымдастыру туралы бұйрықтар шығарады, онда:

- 1) мамандандырылған ұйымының жаңа оқу жылында әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлау жөніндегі негізгі міндеттері;
- 2) жаңа оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәртібі;
- 3) оқытушылармен (өндірістік оқыту шеберлерімен) және өндірістік оқыту шеберлерімен оқу-әдістемелік сабақтар (жиындар) өткізу мерзімдері;
- 4) ішкі тәртіп ұйымдастыру;
- 5) аумақты және оқу-материалдық база объектілерін жеке құрамға бекітіп беру;
- 6) күн тәртібі;
- 7) педагогикалық кеңестің құрамы;
- 8) ішкі тексеру комиссияларының құрамы;
- 9) жұмыскерлерді аттестаттау және сыйлықақы беру жөніндегі комиссияның құрамы;
- 10) еңбек даулары жөніндегі келістіру комиссиясы;
- 11) автомобиль оқиғаларынан, жарақаттанудан сақтандыру, өртке қарсы және экологиялық қауіпсіздік жөніндегі комиссияның құрамы;
- 12) оқу-тәрбие процесіне, тыныс-тіршілікке және қызметке қатысты басқа да мәселелер көрсетіледі.

37. Жоспарлау құжаттарын пысықтауды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымы басшысы орынбасарының жетекшілігімен жауапты лауазымды адамдар осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес жоспарлау құжаттарының тізбесіне сәйкес жүзеге асырады.

38. Әзірлеу аяқталғаннан кейін жоспарлау құжаттарын мамандандырылған ұйымының басшысы немесе міндетін атқарушы бекітеді, орындаушыларға жеткізіледі және іске асыруға қабылданады.

### **§ 3 параграф. Оқу жұмысын ұйымдастыру**

39. Оқу жұмысы мамандандырылған ұйымдардың әскери-техникалық және өзге де мамандар даярлау жөніндегі қызметінің негізгі түрі болып табылады. Оқу процесі әскери-техникалық және өзге мамандықтар бойынша даярлау бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады, олар әскери-техникалық және өзге де мамандар даярлаудың ұйымдастырылуын, идеялық-теориялық және практикалық мазмұнын, сондай-ақ әскери-техникалық мамандық бойынша олар алатын теориялық білімнің, практикалық дағдылардың оңтайлы ауқымын айқындайды.

40. Мамандандырылған ұйымдарда оқу жұмысы жөніндегі жоспарлау, есепке алу және есептілік құжаттары әзірленеді.

41. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мамандандырылған ұйымының бір айға жұмыс жоспарына осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша.

42. Әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді даярлау бойынша тақырыптық жоспарлар осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқыту бағдарламалар негізінде барлық оқу пәндері бойынша жеке әзірленеді.

43. Осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу-жаттығу взводтарының бағдарламаны өту жоспар-кестесінде пәндер мен тақырыптарды зерделеу жүйелілігін қатаң сақтай отырып, жалпы бағдарламаны өту көрсетіледі. Жоспар-кесте әрбір мамандық бойынша әрбір оқыту кезеңіне жеке әзірленеді және оны мамандандырылған ұйымының басшысы немесе міндетін атқарушы бекітеді.

44. Әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді машиналарды практикалық жүргізуге (агрегаттарда және жабдықта жұмыс істеуге) үйрету кезектілігінің кестесін осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізу жөніндегі аға нұсқаушы оқу-жаттығу взводтарына бір аптаға, бір айға, оқыту кезеңіне жасайды және оны мамандандырылған ұйым басшысының орынбасары бекітеді.

45. Оқытушылардың (өндірістік оқыту шеберлерінің) жылдық оқыту жүктемесінің сағат саны осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқыту кезеңдері бойынша оқу жылына жасалады және барлық оқытушылардың (өндірістік оқыту шеберлерінің) бірдей жұмысын қамтамасыз етеді. Бір оқытушының оқыту жүктемесінің жылдық нормасы оқу бағдарламаларына сәйкес белгіленеді.

46. Жүргізу жөніндегі нұсқаушының оқыту жүктемесінің нормасы жұмыс уақытының орташа айлық балансы бойынша айқындалады.

47. Оқытушылардың (өндірістік оқыту шеберлерінің) жеке жұмыс жоспарлары осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір оқу кезеңіне жасалады. Оларда жоспарланатын және нақты орындалған жұмыстың барлық түрлері: оқу, әдістемелік, рационализаторлық және өнертабыстық, патриоттық тәрбиелеу жөніндегі, оқу-материалдық базаны дамыту және жетілдіру жөніндегі жұмыс, жеке тапсырмаларды орындау, білім алушылармен жеке жұмыс және жұмыстардың басқа да түрлері көрсетіледі. Оқытушылардың (өндірістік оқыту шеберлерінің) жеке жұмыс жоспарларын мамандандырылған ұйымы басшысының орынбасары бекітеді.

48. Оқу-жаттығу взводтары сабақтарының жиынтық кестесі осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу-жаттығу взводтарының бағдарламаларды өту жоспар-кестелерінің және әскери-техникалық даярлық пәндері бойынша тақырыптық жоспарлардың негізінде жасалады. Сабақ кестелері жасалатын кезеңді, сондай-ақ оларды әзірлеу мерзімдерін мамандандырылған ұйымының басшысы немесе міндетін атқарушы айқындайды.

49. Оқу-жаттығу взводтарының сабақ кестелерін осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сабақтардың жиынтық кестелеріне сәйкес оқытушылар бір аптаға жасайды.

50. Өтеусіз және өтеулі негізде білім алатын әскерге шақырылушылар, әскери міндеттілер үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мамандандырылған

ұйымының күн тәртібін осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу жылына мамандандырылған ұйымының басшысы немесе міндетін атқарушы бекітеді. Күн тәртібі мамандандырылған ұйымдардың оқу-тәрбие процесі мен тыныс-тіршілігінің негізгі іс-шараларын қамтиды.

51. Сабақтардың басталу және аяқталу уақыты, үзілістердің ұзақтығы күн тәртібімен белгіленеді.

52. Негізгі есепке алу құжаттары мыналар болып табылады:

1) сабақтарды және тәрбие жұмысын есепке алу журналдары;  
2) практикалық жұмыстарды және машиналарды жүргізуді есепке алудың жеке кітапшалары;

3) әскерге шақырылушылардың, әскери міндеттілердің қолданыстағы агрегаттардағы жұмысын есепке алу журналы (карточкасы);

4) қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау берулерді есепке алу журналдары;

5) педагогикалық кеңес отырыстары хаттамаларының кітабы.

53. Оқу-жаттығу взводының сабақтары мен тәрбие жұмысын есепке алу журналы әскери-техникалық және өзге де мамандарды оқыту пәндері бойынша даярлау бағдарламасының орындалуын, оқу-жаттығу взводында тәрбие жұмысының жүргізілуін, әскерге шақырылушылардың, әскери міндеттілердің үлгерімі мен сабаққа қатысуын көрсететін негізгі құжат болып табылады.

54. Негізгі есептілік құжаттары мыналар болып табылады:

1) бітіру емтихандарының хаттамалары;

2) емтихан комиссиясының актілері;

3) бітіру емтихандарының қорытындылары бойынша бұйрықтар.

#### **§ 4 параграф. Әдістемелік жұмыс**

55. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға және оның сапасына мамандандырылған ұйымының басшысы немесе міндетін атқарушы жауапты болады, әдістемелік жұмысқа оның орынбасары тікелей басшылық жасайды. Мамандандырылған ұйымның барлық оқытушылары (өндірістік оқыту шеберлері) үшін әдістемелік жұмысқа қатысу олардың педагогикалық қызметінің құрамдас бөлігі болып табылады.

56. Әдістемелік жұмыстың негізгі түрлері мыналар болып табылады:

1) оқу-әдістемелік сабақтар (жиындар);

2) нұсқау беру-әдістемелік, ашық және көрсету сабақтары;

3) сабақтарға өзара қатысу;

4) әдістемелік нұсқау беру;

5) педагогикалық кеңес отырыстары;

6) оқытатын құрамның өзіндік даярлығы;

7) жеке тапсырмаларды орындау, оқу-әдістемелік құжаттарды (оқу құралдарын, әдістемелерді, әдістемелік басшылықтарды, көрнекі оқу құралдарын) әзірлеу.

57. Оқытатын құрамның оқу-әдістемелік сабақтары (жиындары) 2 күн ұзақтығымен жылына 1 (бір) рет оқу жылы басталар алдында өткізіледі. Осы сабақтарда (жиындарда) өткен оқу жылы үшін оқу-тәрбие жұмысының қорытындылары шығарылады, әдістемелік сабақтар өткізіледі, оқытушылардың (өндірістік оқыту шеберлерінің) озық тәжірибесі жинақталады.

58. Нұсқау беру-әдістемелік сабақтар оқытатын құрамды оқыту бағдарламасының анағұрлым күрделі тақырыптары (бөлімдері) бойынша сабақтарды өткізуге үздік даярлауды жақсарту үшін ұйымдастырылады. Олар қажеттілігіне қарай нақты жағдайларда оқытудың дұрыс және бірыңғай әдістемесін жасау үшін әскерге шақырылушыларсыз, әскери міндеттілерсіз нақты жағдайда (оқу кабинеттерінде, автоайлақта) жүргізіледі. Оларда оқытатын құрамның алда болатын сабақ тақырыбы бойынша білімі мен шеберліктері тексеріледі, сабақ элементтерін қысқаша түсіндірумен орындау көрсетіледі, сол немесе өзге де тәсілдерді, көрнекі құралдарды және басқа да техникалық оқыту құралдарын қолдану жөнінде ұсынымдар беріледі. Қажет болған кезде оқытушылардың (өндірістік оқыту шеберлерінің) зерделенетін техникадағы және практикалық жұмыстарды орындау бойынша жаттықтырулары ұйымдастырылады.

59. Нұсқау беру-әдістемелік сабақтарды мамандандырылған ұйымдардың басшылары немесе міндетін атқарушылары, олардың орынбасарлары немесе олардың жетекшілігімен анағұрлым жақсы даярланған оқытушылар (өндірістік оқыту шеберлері) өткізеді.

60. Жеке тапсырмалар оқу процесін жетілдіру және оқытатын құрамның біліктілігін арттыру үшін арналған. Олар жоспарланады, педагогикалық кеңестер отырыстарында қаралады және орындаушыларға жеткізіледі.

#### **§ 5 параграф. Оқу-жаттығу материалдық база**

61. Оқу-жаттығу материалдық базаның негізгі элементтері мыналар болып табылады:

1) оқу-жаттығу қару-жарағы мен әскери техникасы, зертханалық жабдық, оқу-жаттығу құралдары, компьютерлік техника, техникалық оқыту құралдары, аспаптар, көрнекі құралдар мен басқа да әскери оқу-жаттығу мүлкі;

2) дәрісханалар (дәріс залдары), сыныптар, кабинеттер, зертханалар, кітапханалар, оқытушылар бөлмелері, зертханашылар бөлмелері, қаруды, әскери-техникалық мүлікті сақтауға арналған бөлмелер және басқа да оқу-жаттығу және қосалқы оқу-жаттығу үй-жайлары;

3) арнайы оқу-жаттығу кешендері, оқу-жаттығу қалашықтары (оқ ату, инженерлік, радиополигондар), автоайлақтар, атыс тирлері, саптық плацтар, спорт қалашықтары және жалпыәскери және арнайы даярлық жөніндегі бағдарламаларды пысықтау үшін арналған басқа да объектілер;

4) оқу-жаттығу шеберханалары, автомобиль гараждары, парк элементтері, әскери техниканы, қаруды, аспаптарды, әскери оқу-жаттығу және басқа да мүлікті сақтауға арналған қоймалар;

5) оқулықтар мен оқу құралдары, оқу-әдістемелік құжаттар мен басқа да материалдық және техникалық құралдар.

62. Мамандандырылған ұйымдар қажет болған кезде ҚР ҚМ әскери бөлімдерінің, әскери оқу орындарының және мекемелерінің далалық оқу-жаттығу базасын оқу-жаттығу процесінде пайдалана алады.

#### **5-тарау. Әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді оқыту мерзімдері**

63. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді оқытудың басталу және аяқталу мерзімі мамандандырылған ұйым басшысының немесе міндетін атқарушының есепке алу және аяқталу туралы бұйрықтарын шығару мерзімінен есептелінеді.

64. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді оқыту мерзімі оқыту бағдарламасы бойынша алатын мамандыққа байланысты белгіленеді.

Осы ретте, әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді оқыту жүзеге асырылады:

1) өтеусіз негізде – 15 қаңтардан 15 сәуірге дейінгі және 15 маусымнан 15 қыркүйекке дейінгі кезеңде;

2) өтеулі негізде – 1 ақпаннан 20 желтоқсанға дейінгі кезеңде.

#### **6-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

**Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жана редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.08.2021 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. 6-тараумен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 18.05.2020 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға береді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы шешім қабылдаса, әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

"Мемлекеттік қызметтер туралы" Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

**Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 18.08.2022 № 674 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**66. Алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 04.08.2021 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігінің  
мамандандырылған  
ұйымдарында әскери-  
техникалық және өзге де  
мамандықтар бойынша  
әскерге шақырылушыларды,  
әскери міндеттілерді жинау,  
оларды жіберу және өтеусіз  
және өтеулі негіздерде  
оқыту, оқу-тәрбие процесін  
ұйымдастыру қағидаларына,  
сондай-ақ оқу мерзімдеріне  
1-қосымша  
Нысан

"БЕКІТЕМІН"

Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары –  
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас  
штабының бастығы

(қолы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері)

20\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлау жоспары**

Р/с №	Мам анда нды рылғ ан ұйы мын ың атау ы	"В", "С", С 1 " санаттағы әскери жүргізуші сі	Көпмақса т ы ( транспорт ердің) жеңіл брондалға н сүйреткіш тің механик жүргізуші сі		Радиотеле графшы		Әскери жүргізуші электрмех аник		Жанар-жағ армай материалд арды құю, тасымалда у және құралдары ның әскери жүргізуші сі		Артиллери ялық сүйреткіш тегі бульдозер дің механик-ж үргізушісі		Әскери жүргізуші- автокранш ы		Барлығы	
			I	II	I	II	I	II	I	II	I	II	I	II	I	II

Ескертпе: I-көктемгі кезең

II-күзгі кезең

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы

Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің бастығы

(әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері)

Мамандандырылған ұйымы басқармасының басшысы

(қолы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері)

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігінің  
мамандандырылған  
ұйымдарында әскери-  
техникалық және өзге де  
мамандықтар бойынша  
әскерге шақырылушыларды,  
әскери міндеттілерді жинау,  
оларды жіберу және өтеусіз  
және өтеулі негіздерде  
оқыту, оқу-тәрбие процесін  
ұйымдастыру қағидаларына,  
сондай-ақ оқу мерзімдеріне  
2-қосымша  
Нысан

"БЕКІТЕМІН"

Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары –

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері

Бас штабының бастығы

(қолы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері)

20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_



**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери оқытылған резерв бағдарламасы бойынша әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша өтеулі негізде әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді даярлау жоспары**

Р/с№	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымының атауы	Барлығы	ЖӘБО атауы	Барлығы	оның ішінде айлар бойынша:							
					ақпан-наурыз	наурыз-сәуір	сәуір-мамыр	маусым-шілде	шілде-тамыз	тамыз-қыркүйек	қазан-қараша	қараша-желтоқсан
					1.02-10.03	10.03-20.04	20.04-30.05	1.06-10.07	10.07-20.08	20.08-30.09	1.10-10.11	10.11-20.12

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы  
 Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің бастығы

(әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері)

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымының басқармасының басшысы

(қолы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері)

Қазақстан Республикасы  
 Қорғаныс министрлігінің  
 мамандандырылған  
 ұйымдарында әскери-техникалық және  
 өзге де  
 мамандықтар бойынша әскерге  
 шақырылушыларды, әскери  
 міндеттілерді жинау, оларды  
 жіберу және өтеусіз және өтеулі  
 негіздерде оқыту, оқу-тәрбие  
 процесін ұйымдастыру  
 қағидаларына, сондай-ақ оқу  
 мерзімдеріне  
 2-1-қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Ескерту. 2-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 18.05.2020 № 216 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің

04.01.2023 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

